

Қазақстан-Ресей Медицина Университеті

Иерсиниоздар

Орындаған.Әлімбек.А
Тексерген .

Иерсиниоз- зоонозды
жедел жұқпалы ауру. Ол
бүкіл ағзаны уландырады.
Әсіресе асқазан, ішек
жүйесін қабындырады.

Этиология-қоздырғышы

Иерсинии-*iersinia enterocolitica* –грамм теріс таяқша, төмеңгі температураға төзімді болып келеді және пастерленген сүтте де қоздырғышы өлмейді, тек қана қайнатқанда ғана өледі.

Эпидемиология- аурудың көзі.

- Аурудың көзі жан-жануарлар болып табылады.(шошқа сиыр, ит, мысық.) Қоздырғыш зәрмен және нәжіспен бөлінеді де сыртқы орта және тағамдар ластанады. Ауру тағам,ластанған турлі көкөніс ,жеміс-жидек, ет тағамдарын пайдаланған кезде және ауру малмен жұмыс жасағанда жұғады.

Патагенезі

Қоздырғыш организмге тағам немесе су арқылы еніп, біраз қоздырғыш асқазанның қышқылды ортасында өледі, ал қалғаны ішекке енеді. Әсіресе көп мөлшерде қоздырғыш ащы-жіңішке ішектің төменгі бөлігіне тоқтайды. Осы жерден қабыну процестері басталады, илеит немесе аппендицит, қоздырғыш ішектің лимфа жүйесіне еніп, жедел ішек ауруы пайда болады. Қоздырғыштың күші жоғары болғанда, ол қанға еніп бактериемия барлық ағзада тарайды.

Клиникалық белгілері

Жасырын кезеңі 1-6 тәулік . Аурудың келесі клиникалық түрлері кездеседі.

1. Гастроэнтероколитикалық түрі.
2. Аппендикулярлы –соқыр ішектің қабыну түрлері.
3. Септикалық түрі.
4. Субклиникалық түрі.

Ауру жедел басталады. Дене қызуы 38-39 С және жоғары көтеріледі. Ауру қалтырап , бас аурады, терлейді, бұлшық еттері ауырып , буындары сырқырайды. Ауруды қарағанда тамағы қызарады, мұрыннан су ағады , жөтеледі.

Асқынуы.

Полиартрит, миокардит.

- Бактериологиялық зерттеуді жүргізу үшін қан , нәжіс, зәрді жияймыз .Қосымша сериолонгиялық зерттеу жүргізеді, РАжәне РНГА

Емі

Төсек тәртібін орындау. Ішек жұқпалы аурулардағы сияқты №2,4 диета тәулігіне , тетрациклин 0,3-4 рет немесе фуразолидон тағайындауға болады 5-7кун беріледі. Улану белгісіне қарсы сұйықтықтар беріледі және олар ішіледі немесе көк тамырға құйылады.

Антигистаминдік дәрілер димедрол , супрастин және қабынуға қарсы дәрілер Вальтерен,индометацин ,бутадион беріледі